

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақтөбе облысы

№110140003535/260207/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Ереже негізінде әрекет ететін Басшысы Аманжол Бақраман Қуанышұлы атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Kaztorgpartner, мемлекеттік тіркеу талоны негізінде әрекет ететін Басшысы Мусенова Роза Тныштиковна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2026-05-05» жыл № 16929991-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 082-015-169 ;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 1 636 550.00 (бір миллион алты жүз отыз алты мың бес жүз елу тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Шарт

082 Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 169 Өзге де ағымдағы шығындар ерекшелігі бойынша - 1 636 550.00 (бір миллион алты жүз отыз алты мың бес жүз елу тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2026 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады.

2.3 Шарт күшіне енгеннен кейін Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.

Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 81 827.50 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, бұл жалпы 81 827.50 ((сексен бір мың сегіз жүз жиырма жеті тенге елу тиын)) теңгені құрайды;

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамауының негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды



қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртанбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленсе, онда "Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36717 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады. Егер шетелдік тауар шығарылған болса, онда тауарды әкететін ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің (шарттардың) және (немесе) "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) талаптарына сәйкес әкелу елінің уәкілетті органы (ұйымы) берген тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып тастау белгіленген бағдарламалық қамтылым санатына жатқызылған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3 тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне, авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;



2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

- 1) Мердігер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;
- 2) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;
- 3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;
- 4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;
- 5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;
- 6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;
- 7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;
- 8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;
- 9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.



күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындауға міндеттенеді. Іс-қимыл қағазына Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
"Ақтөбе облысының білім басқармасы
Мұғалжар ауданының білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
Актюбинская область, Мугалжарский
район, г.Кандыагаш, Микрорайон
ЖАСТЫК, 2Д
БСН 110140003535
БСК ККМFKZ2A
ЖСК KZ11070102KSN0601000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 87133375141
Басшысы Аманжол Бақраман Қуанышұлы

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
Kaztorgpartner
Актюбинская область, Мугалжарский
район, г.Эмба, УЛИЦА ГАЗИЗ
ЖАНЕСОВА, 55, 1
БСН/ЖСН 580223402123
БСК KPSTKZKA
ЖСК KZ35563D350000087087
"Қазпочта" АҚ
Тел.: +77766166655
Басшысы Мусенова Роза Тныштиковна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 16929991-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
082-015-169 : Өзге де ағымдағы шығындар												
86609851-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қант жүгерісі	консервіленген, сіркесусыз	Консервіленген жүгері - өнеркәсіптік тәсілмен өндірілген, герметикалық қаптамадағы стерильденген өнім. Дәндері бүтін, сары түсті, жұмсақ, біркелкі. Дәмі тәттілеу, табиғи, бөгде иіс пен дәмсіз болуы тиіс. Қаптамасы (қалайы банка немесе басқа герметикалық ыдыс) бүлінбеген, ісінбеген, механикалық зақымданусыз болуы қажет. Таңбалануы толық, өндірілген күні мен жарамдылық мерзімі көрсетілуі тиіс. Өнім Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес болуы тиіс. 10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиынының тамақтану рационьнда шектеулі мөлшерде қолданылады.	Шартты қалбыр	36	495.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (36)	0	17 820.00



86596252-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қант	құрақты, сусымалы	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін жоғары сұрыпты құмшекер, құрғақ, түсі-ақ, таза, дәмі мен иісі - тәтті, бөгде дәмі мен иісі жоқ, қап 10-25 кг сатып алу	Килограмм	80	495.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (80)	0	39 600.00
86597151-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тағамдық тұз	ас, экстра сұрып	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны Тұз тағамдық ас тұзы, экстра сорт - жоғары тазартылған, ақ немесе ақшыл түсті, біркелкі кристалды құрылымдағы, бөгде қоспалардан, ылғалдан, топырақтан және зиянды қоспалардан таза. Тұтынуға арналған, дәмдікті күшейтетін және тағам дайындауда қолдануға жарамды. ҚР қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптары мен мемлекеттік стандарттарына (ГОСТ/СТ РК) сәйкес өндіріледі. Қаптамасы герметикалық, зақымдалмаған, таңбалануы толық. Сақтау мерзімі жарамды, өнім қауіпсіз және сапалы.	Килограмм	30	125.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (30)	0	3 750.00



86608299-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Дәмдеуіш	тағамдық	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін дәмдеуіш (250г орама) - тағам дәмін жақсарту үшін қолданылатын, жоғары сапалы, табиғи немесе рұқсат етілген қоспалармен дайындалған қоспа. Бөтен иіс, дәмсіз немесе шірік бөлшектер жоқ, механикалық зақымдалмаған. Құрамында рұқсат етілмеген қоспалар және зиянды заттар жоқ. ҚР қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және мемлекеттік стандарттарға (ГОСТ/СТ РК) сәйкес өндіріледі. Қаптамасы герметикалық, зақымдалмаған, таңбалануы толық. Өнім сақтау мерзімі жарамды, тағамдық мақсатта қолдануға қауіпсіз және сапалы.	Бір буда	5	420.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (5)	0	2 100.00
86600410-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қияр	консервіленген, сірке сумен	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін қияр консервіленген, сірке қышқылымен - жоғары сапалы жаңа піскен қиярдан дайындалған, біркелкі кесілген, бөтен иіс пен дәмсіз, шірік немесе көгерген бөліктерсіз. Құрамында рұқсат етілмеген қоспалар жоқ. Сірке қышқылы тағамдық нормаларға сәйкес қолданылған. Өнім Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптары мен мемлекеттік стандарттарына (ГОСТ/СТ РК) сәйкес өндіріледі. Қаптамасы герметикалық, зақымдалмаған, таңбалануы толық. Бір қаптаманың көлемі - 2 литрлік банка. Өнімнің сақтау мерзімі жарамды, тағамдық мақсатта қолдануға қауіпсіз және сапалы.	Шартты қалбыр	12	845.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (12)	0	10 140.00



86603718-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бұршақ	жасыл, жоғары сұрып	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін бұршақ жасыл (жоғары сұрып), бұршақ сорпасын дайындауға арналған - сапалы, біркелкі, табиғи жасыл түсті, бөтен иіс пен дәмсіз. Дәндері бүтін немесе жарылған, жақсы кептірілген, тез пісетін, шірік немесе көгерген бөліктерсіз. Құрамында бөгде қоспалар жоқ. Зиянкестермен зақымдалмаған, ылғалдылығы қалыпты.	Килограмм	400	15.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (400)	0	6 000.00
86596815-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Табиғи сүт	майлылығы 1-3%	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін Сүт, табиғи, майлылығы 1-3% - жаңа сауылған сиыр сүтінен дайындалған, жоғары сапалы табиғи азық-түлік өнімі. Ақ түсті, жеңіл дәмді, қоректік заттарға (ақуыз, май, дәрумендер, минералдар) бай. Тағам дайындауға және күнделікті тұтынуға жарамды. Құрғақ, салқын жерде сақтау ұсынылады.	Литр	120	590.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (120)	0	70 800.00
86590881-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сиыр еті	суытылған, жарты ет, II санат	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін, Сиыр еті салқындатылған, жартылай ұша, II санат - ветеринариялық бақылаудан өткен, балғын, табиғи қызыл түсті, бөгде иіссіз, шырышсыз. Сүйек пен бұлшық ет тіндерінің арақатынасы II санат талаптарына сәйкес. Мұздатылмаған, қайта қатырылмаған. ҚР қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық нормалары мен мемлекеттік стандарттарына (ГОСТ/СТ РК) сәйкес келеді. Қаптамасы (тасымалдау кезінде) таза, зақымдалмаған, таңбалануы толық. Өнім қауіпсіз, тағамдық мақсатта қолдануға жарамды.	Килограмм	250	4 040.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (250)	0	1 010 000.00



86596096-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Кеш піскен алма	жаңалау, жоғары сұрып	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін жемістер таза, тұтас, сау, туылмаған, алма терісі мен целлюлозасына зақым келтірместен, қысым, соққы немесе үйкеліс салдарынан, ашық піспеген жараларсыз, шырынның ағып кетуінсіз. Піскен алманың ерекше иісі, дәмі бөтен иіссіз және/немесе дәмсіз тәтті қышқыл. алма сатып алу	Килограмм	220	775.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (220)	0	170 500.00
86595855-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Басты пияз	балғын	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны, үшін пияз - жаңа, өспеген, зақымдалмаған және ауылшаруашылық зиянкестері жоқ. Сыртқы түрі таза, құрғақ, орташа өлшемді, жоғары сұрыпты. Тағам дайындауға және күнделікті пайдалуға жарамды. Сақтау шарттары: құрғақ, салқын және желдетілетін жерде сақтау ұсынылады.	Килограмм	80	235.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (80)	0	18 800.00
86596024-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қызылша	балғын, асхана	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін қызылша жаңа, зиянсыз, орташа мөлшерде, жоғары сұрыпты.	Килограмм	20	235.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (20)	0	4 700.00



86595975-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қырыққабат	балғын, ақ басты	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін, Қырыққабат жаңа піскен, ақ қауданды - балғын, тығыз қауданды, табиғи ашық-жасыл немесе ақшыл түсті, механикалық зақымдалмаған, шіріксіз, көгерусіз және бөгде иіссіз. Ауылшаруашылық зиянкестерімен зақымданбаған. Дәмі мен иісі осы өнімге тән. ҚР қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптары мен мемлекеттік стандарттарына (ГОСТ/СТ РК) сәйкес келеді. Тасымалдау және сақтау кезінде санитариялық нормалар сақталған. Өнім тағамдық мақсатта қолдануға жарамды, қауіпсіз және сапалы.	Килограмм	200	235.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (200)	0	47 000.00
86600971-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қызанақ	балғын	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін балғын қызанақ - жоғары сапалы, піскен, табиғи қызыл түсті, сыртқы түрі бүтін, механикалық зақымданусыз. Бөгде иіс пен дәмсіз, шірік немесе көгерген бөліктерсіз. Беті таза, ластанусыз, зиянкестермен зақымдалмаған. Жемістері тығыз, артық жұмсармаған, аса пісіп кетпеген, бүліну белгілерінсіз.	Килограмм	40	875.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (40)	0	35 000.00



86608109-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шұжық	пісірілген	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін Пісірілген шұжық - жоғары сапалы ет шикізатынан дайындалған, біртекті құрылымды, кесіндісі тегіс, түсі ашық-қызғылт, бөгде иіс пен дәмсіз. Құрамында рұқсат етілмеген қоспалар жоқ. ҚР қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптары мен мемлекеттік стандарттарына (ГОСТ/СТ РК) сәйкес өндіріледі. Қаптамасы герметикалық, зақымдалмаған, таңбалануы толық. Сақтау мерзімі жарамды, тағамдық мақсатта қолдануға қауіпсіз өнім.	Килограмм	8	2 500.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (8)	0	20 000.00
86595805-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сәбіз	балғын, таңдамалы сұрып	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны, үшін сәбіз жаңа, зақымдалмаған, орташа мөлшерде, жоғары сұрыпты. Тамыр дақылдары тұтас, сау, шамадан тыс сыртқы ылғалдылықсыз	Килограмм	90	235.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (90)	0	21 150.00



86597554-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Лавр жапырағы	құрғақ	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін құрғақ лавр жапырағы - табиғи, сапалы, бөгде қоспаларсыз. Жапырақтары бүтін немесе ірі сынған, түсі жасыл-қоңыр, иісі өзіне тән хош иісті. Зеңсіз, ылғалдылығы қалыпты, зиянкестермен зақымдалмаған. Бөгде иістер мен дәмдерсіз. Қаптамасы таза, бүтін, таңбалануы толық. Бір қаптаманың нетто салмағы - 100 грамм. Өнім Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына және мемлекеттік стандарттарына сәйкес, тағамдық мақсатта қолдануға жарамды.	Бір буда	3	840.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (3)	0	2 520.00
86604045-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Кисель	жеміс/жидек сығындысынан	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін, жеміс-жидек экстракттарынан дайындалған кисель (тағамдық өнім). Тауар Қазақстан Республикасының қолданыстағы техникалық регламенттеріне, мемлекеттік стандарттарына және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес болуы тиіс. Тауар тұтынуға жарамды, бұзылу белгілерінсіз болуы қажет. Қаптамасы мен таңбалануы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы және тасымалдау мен сақтау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Кисель бөтен иісі мен дәмі жоқ, тағамдық қоспалары рұқсат етілген	Бір буда	100	395.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (100)	0	39 500.00



86608802-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Маргарин	майлылығы 40-60%	Маргарин - өсімдік майлары негізінде өндірілетін май өнімі, майлылығы 40-60%. Консистенциясы біркелкі, пластикалық, оңай жағылатын, түсі ақтан ашық сарыға дейін. Дәмі мен иісі жағымды, бөгде иіс пен дәмсіз болуы тиіс. Құрамына өсімдік майлары, су, эмульгаторлар, тұз, дәрумендер (қажет болған жағдайда) кіруі мүмкін. Өнім тағам дайындауға (пісіру, қуыру) қолдануға жарамды. Өнім 10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиынының тамақтану рационында пайдаланылады және қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес болуы тиіс. Қаптамасы - тағамға арналған материалдан жасалған (қағаз, фольга немесе пластик), герметикалық, тасымалдау мен сақтау кезінде сапасын сақтайтын болуы тиіс.	Килограмм	4	1 490.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (4)	0	5 960.00
86608639-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сорпа	тауық, құрғақ	Құрғақ тауық сорпасы (бульон) - тағам дайындауға арналған концентренген өнім (ұнтақ немесе текше түрінде). Тауық дәмі мен хош иісі айқын, бөгде иіс пен дәмсіз болуы тиіс. Құрамына ас тұзы, кептірілген көкөністер, дәмдеуіштер, табиғи немесе табиғиға ұқсас хош иістендіргіштер кіруі мүмкін. Өнім суда тез еритін, біркелкі ерітінді беретін болуы қажет. Өнім 10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиынының тамақтану рационында тағам дайындау үшін қолданылады. Қаптамасы - герметикалық (фольга, пакет немесе қорап), ылғал мен сыртқы әсерден қорғайтын болуы тиіс.	Бір буда	3	495.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (3)	0	1 485.00



86599254-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бұрыш	қара, ұнтақталған	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін қара, ұнтақталған бұрыш. Бір қаптаманың нетто салмағы - 100 грамм.	Бір буда	5	845.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (5)	0	4 225.00
86600638-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қияр	балғын	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны үшін балғын қияр - жоғары сапалы, жаңа піскен, табиғи жасыл түсті, сыртқы түрі бүтін, механикалық зақымданусыз. Бөгде иіс пен дәмсіз, ащы емес, шірік немесе көгерген бөліктерсіз. Беті таза, ластанусыз, зиянкестермен зақымдалмаған. Ылғалдылығы қалыпты. Өнім Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына және мемлекеттік стандарттарына (ГОСТ/СТ РК) сәйкес келеді. Қаптамасы таза, зақымдалмаған, таңбалануы толық. Өнім сақтау мерзімі жарамды, тағамдық мақсатта қолдануға қауіпсіз және сапалы.	Килограмм	40	875.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (40)	0	35 000.00
86595718-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Картоп	балғын, азық-түліктік	10-сынып оқушыларына арналған 5 күндік далалық әскери-оқу жиыны, жаңа піскен картоп, жоғары сұрыпты азық-түлік, түйнектер тұтас, құрғақ, лас емес, өспеген, бүлінбеген, орташа өлшемді	Килограмм	300	235.00	15 жұмыс күні	15 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жем қ. (300)	0	70 500.00



Договор о государственных закупках товаров

Актюбинская область

№110140003535/260207/00

Государственное учреждение "Отдел образования Мугалжарского района Управления образования Актюбинской области", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Аманжол Бахраман Куанышұлы, действующий на основании Положения, с одной стороны и Kaztorgpartner, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Мусенова Роза Тныштиковна, действующий на основании талон о гос.регистрации, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2026-05-05 года № 16929991-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 082-015-169 ;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 1 636 550.00 (один миллион шестьсот тридцать шесть тысяч пятьсот пятьдесят тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Договор финансируется за счет средств, предусмотренных по бюджетной программе 082 Общеобразовательное обучение в государственных организациях начального, основного и общего среднего образования , по подпрограмме 015 За счет средств местного бюджета, по специфике 169 Прочие текущие затраты - на 2026 год 1 636 550.00 (один миллион шестьсот тридцать шесть тысяч пятьсот пятьдесят тенге ноль тиын) без учета НДС.

